

Кейбір электр бөлу тораптары компанияларының мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 2 қазандағы N 987.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.02.02. N 152 қаулысымен. ~P020152

Электр бөлу тораптары компанияларының ауыр қаржылық-экономикалық жағдайына және олардың дәрменсіздігіне байланысты, "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі
қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) "Түркістанэнерго" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін белгіленген тәртіппен "Оңтүстік Қазақстан БЭК" акционерлік қоғамының жарғылық капиталына, 1-қосымшаға сәйкес акционерлік қоғамдардың мемлекеттік пакеттерін "Талдықорған БЭК" акционерлік қоғамының жарғылық
к а п и т а л ы н а б е р с і н ;

2) осы қаулы күшіне енгізілген күннен бастап бір апта мерзімде, заңдарда белгіленген тәртіппен осы қаулының 2-қосымшасында көрсетілген акционерлік қоғамдардың банкроттығы туралы сотта іс қозғау жөнінде қажетті шаралар
қ о л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі осы қаулының 2-қосымшасында көрсетілген акционерлік қоғамдардың конкурстық массасын өткізу жөніндегі сауда-саттыққа қатысуға инвесторларды тарту жөнінде шаралар қабылдасын.

3. "Кәсіпорындарды қайта" ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" акционерлік қоғамы сот органдары аталған акционерлік қоғамдарды банкрот деп тану туралы шешім қабылдаған жағдайда, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментімен және Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен келісе отырып, сотқа конкурстық басқарушының кандидатурасын ұсынсын және кредиторлар комитетіне өкілдің кандидатурасын айқындасын.

4. Сот органдары оларды банкрот деп тану туралы шешім қабылдаған жағдайда, осы қаулының 2-қосымшасында көрсетілген акционерлік қоғамдардың зор стратегиялық маңызын ескере отырып, конкурстық массаны сатудың мыналарды көздейтін айрықша шарттары мен тәртібін белгілесін:

1) Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар мен бәсекелестікті

реттеу жөніндегі комитетінің, Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің қортындыларын ескере отырып, "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" акционерлік қоғамының конкурстық массаны сатудың ж о с п а р ы н б е к і т у ;

2) өндірістің үздіксіз циклын сақтай отырып және табиғат қорғау объектілерінің жұмысын қамтамасыз ете отырып, банкроттық рәсімдерін жүргізу ;

3) қызметкерлермен еңбек шарттарының үзілмеуін және мүлік кешенін сатып алушының осы шарттар бойынша құқықтық мұрагерлігін қамтамасыз ету;

4) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес конкурстық басқарушыға өндірістің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында келісім-шарттар жасасу қ ұ қ ы қ т а р ы н б е р у ;

5) конкурстық іс жүргізу кезеңінде үздіксіз жұмысты қамтамасыз етуге байланысты шығындарды сатып алушының өтеуі;

6) электр бөлу торабы компанияларын қысқы кезеңге дайындау үшін қажетті кепілдік жарнасын сауда жеңімпазының сатып алу-сату шартына қол қойылғанға дейін депозитке е н г і з у ;

7) конкурстық массаны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті мен Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігі өкілдерінің қ а т ы с у ы м е н ө т к і з у .

5. Осы қаулының 4-тармағының 6)-тармақшасын іске асыруға байланысты қаражаттардың мақсатқа сай пайдалануына бақылау жасау "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" акционерлік қоғамына және Қазақстан Республикасының Энергетика,

индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Павловқа жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы "2" қазандағы
N 987 қаулысына
1-қосымша

Акцияларының мемлекеттік пакеттері "Талдықорған БЭК"
акционерлік қоғамының жарғылық капиталына берілетін
акционерлік қоғамдардың
ТІЗБЕСІ

"Талдықорған көлік-энергетика кешені" АҚ
"Алакөл БЭС" АҚ
"Жаркент БЭС" АҚ
"Ақсу БЭС" АҚ
"Сарқант БЭС" АҚ
"Үштөбе БЭС" АҚ
"Текелі БЭС" АҚ
"Сарыөзек БЭС" АҚ
"Көксу БЭС" АҚ
"Талдықорған БЭС" АҚ
"Қарабұлақ БЭС" АҚ

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы "2" қазандағы
N 987 қаулысына
2-қосымша

Банкроттық туралы іс қозғау жөнінде шаралар
қабылданатын акционерлік қоғамдардың
ТІЗБЕСІ

"Ақмола БЭК" АҚ
"Жамбыл БЭК" АҚ
"Талдықорған БЭК" АҚ
"Оңтүстік Қазақстан БЭК" АҚ
"Оңтүстік электр торабы БЭК" АҚ
"Алыс электр беру" АҚ